

Ы.Б. Шақаман*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті**Павлодар, Қазақстан* <https://orcid.org/000-0001-9554-4761>*email: raya-s7@mail.ru***А. Көк***Ақдениз университеті**Анталія, Түркия* <https://orcid.org/0000-0002-3614-2719>*email: akok9@yahoo.com*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТӨЛ ЖӘНЕ КІРМЕ КОНЦЕПТІЛІ ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Аталған мақалада сөзжасамдық үдерісте лексикалық бірліктерде танылатын төл концепт пен кірме концептінің мәні қаралады. Бұл мақаланың мақсаты – сөздердің жасалуында, жаңа сөздер қолданысында төл және кірме концептінің сөзжасамдық тетік болатынын түсіндіру. Мақалада концепт сипаты, кірме концептінің реципиент тілінде танылуы, қабылдануы талданады. Кірме концептінің реципиент тіліне аударылуы немесе тікелей алынуы, кірме концепт пен кірме сөз айырмашылығы, кірме сөздің жартылай не толық аударылуы, концептілік сәйкестік, тілге тікелей енетін концептілі сөздер мен аударылатын концептілі сөздер сипатталады. Санада шоғырланатын ой мазмұнының сөзбен таңбалануын, сөз туындау жолдарын қарастыратын сөзжасамдық ұстанымдар түсіндіріліп, оларды туынды сөздерді қарастыруда әдіснамалық негіздемеге алу ұсынылады. Мақала нәтижесі – төл концепт пен кірме концепт арқылы сөздің тегін тануға мүмкіндік туатыны, сөздердің сөзжасамдық үлгісі айқындала түсетіні, концептінің аударма теориясында маңызы және негізгі орын алатыны; концептілік сәйкестік шешімі; концептіні жартылай түсінуден тек тұлғалық аударма жасалатыны; ең бастысы, төл де, кірме де концепт сөздің пайда болуында, сөздік құрамды байытуда негізгі сөзжасамдық тетік болып табылатыны, төл, кірме концепт ұғымына, кірме сөзге тіл білімдік түсініктеме берілуі. Зерттеуде жинақтау, мағыналық талдау, салғастыру, концептілік талдау, түсіндіру, нақтылау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Түйінді сөздер: қабылдаушы, төл, кірме концепт, сөзжасамдық тетік, концепт сәйкестігі.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 01.03.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 24.07.2025

Кіріспе

Адамзат тілі, жалпы сөзтаным өмір мазмұнының, танымның адам санасына шоғырлануынан, қарым-қатынастық болмыс нәтижесінен туындайды. Сөз ырықсыз, арнайы теориясыз, тек қажеттіліктен пайда болады. Адам сөзді байланыс жасауда ойды жеткізуші құрал ретінде қолданып, дүниені тану арқылы санада таңбаланған әлем мазмұнын қайтадан сөзге айналдырып шығарады. Ғылымда сөздердің қалыптасуын қарастыратын тіл білімдік салалар – сөзжасам және сөз жүйесі. Сөзжасам – адамзаттың әлемді танудан туындайтын санадағы ой мазмұнын, бастапқы өзек ұғымды таңбалаушы мағыналы бірліктерді саралайтын ілімдік жүйе. Тіл ғылымында «Сөзжасам» «дериватология, деривация» (Салқынбай, Абақан, 1998, б. 66; б. 204) деп те аталады; «дериват» (derivatus – латынша ысырылу, ауысу; нәрсенің бастапқы бағытынан, мәнінен ауытқуы) (Кузнецов, 2000) сөзінің бастапқы ұғымы бірінші пайда болған нәрседен екінші нәрсенің туындауы, «екіншілік», «туындылық» дегенді білдіреді, бастапқы мағынасында қаржы, химия ғылымында қолданылған. Кейін тілі ғылымында қолданыс тапты. Бұл сала тіл ғылымында сөздің өзек ұғымынан «екінші» рет пайда болуын, жалпы сөйлеу тілін, тіпті мәтінжасамды да зерттейді. Сөзжасам заңдылығы оның зерттейтін нысандарын айқындау міндетінен көрінеді; мұнда туындылар ғана емес, сөздің бастапқы өзек ұғымы мен туынды ұғым да зерттеу нысанына алынуы тиіс.

Мақалалық тақырыптың зерттелу мақсаты – төл және кірме концепт мәнін ашу арқылы олардың сөзжасамдық тетік, негіз болатыны туралы ой тастау. Осы мақсатқа сай, алдымен, төл және кірме концепт туралы түсініктеме беріліп, кірме сөз бен кірме ұғым сөздерін ажырату, екеуі екі түрлі түсінік екенін нақтылау, кірме ұғыммен қалыптасқан сөздердің белгілі бір танымдық жолмен пайда болатын туынды бірлік екенін түсіндіру мақаланың басты міндеті болып отыр. Бұған қатысты нақтылау, түсіндіру, талдау әдістері қолданылды.

Кез келген жаңа сөз төл не кірме концептімен қалыптасады. Төл концепт ұлттық танымнан туындаса, кірме концепт шет елдік, бөтен ұлттық танымға қатысты. Нақтылай айтсақ, төл сөздердің өзек ұғымын төл концепт, кірме таныммен енген сөздердің өзек ұғымын кірме концепт дейміз. Концепт сөздердің пайда болуында, жасалуында басты өлшем көрсеткіші болып табылмақ. Сөздердің үйлесімді туындауы, сәтті аударылып, қолданысқа енуі сөзжасам заңдылығымен шешім табады. Сондықтан концепт те сөзжасамның бір тетігі, категориялық бірлігі бола алады. Сөзжасам барлық ғылыммен шектеседі, ал тіл ғылымында ол сөз жүйесімен байланысады. Сөз жүйесінде (лексикологияда) кірме сөздер концепт тұрғысынан гөрі тұлғалық сипатымен, сөздік құрамды дамыту-кеңейтудегі мәні, қабылдаушы тілге аударылу-аударылмау әлеуеті, тіл байытудағы орны, мағыналық құрамы жағынан басым қаралады.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі қазақ тілі кеңістігіне түрлі қарым-қатынастан пайда болып жатқан кірме ұғымдық туындылар дендеп еніп жатқаны аян. Күнделікті тіршілікте кездесетін халық қолданысындағы сөздерді зерттеу үшін, олардың төл және кірме екенін қарастыру, танымдық белгілерін анықтау, түсіндіру үшін жеке тәжірибелік бақылаудан, саралаудан өткізген түрлі саладағы 200-ге жуық сөз жинақталып, талдауға түсті. Олардың төл және кірме концептілі астарын ашып, сипаттауда концептілік талдау, түсіндіру, салғастыру әдістері қолданылды. Басқа тілден енетін сөздердің кірме концептілі туындылар екенін не тұлғасы жағынан ғана

кірме сөз екенін анықтауда түсіндірмелік талдау әдісі қолданылып, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (Қалиев, 2014), Лингвистикалық түсіндірме сөздік (Салқынбай, Абақан, 1998), Орыс тілінің түсіндірме сөздіктері (Кузнецов, 2000; Ожегов, 2006; Ушаков, 1935) дереккөз ретінде алынды. Сонымен бірге халық қолданысына аудармасыз енген сөздердің кірме концептілі туынды екенін немесе кірме сөз ғана болып табылатынын талдап көрсетуде қазақ ғалымдарының, яғни А. Байтұрсынов (1992), Қ. Жұбанов (2013), М. Балақаев (2008), Ө. Қайдар (1998) С. Исаев (1998), Ө. Айтбайұлы (2013) зерттеулеріндегі төл және кірме концепт әсерінен болатын тілдік құбылыстар туралы тұжырымдары әдіснамалық негіздеме болып, мысалмен нақтыланды. Ғалым О. Сүлейменовтің (1998) сөз астарын тану үшін алғашқы тілдік таңба тегіне бару туралы; зерттеуші З. Темірғазинаның (2020) анатомиялық атауларға қатысты салғастырмалы талдауы, шет елдік ғалым Дж. Лакоффтың (2004) атаулардың метафора болып табылатыны туралы пікірі, зерттеуші Дж. Ханнның (Han, 2020) концептілік құрылымнан туындайтын поэтикалық метафора түсінігі, т.б. зерттеушілердің ұғым, мағына, базалық концепт түсініктерінің адамзат танымына әсер ету туралы талдаулары мысалдарды талдап, қарастыруда ғылыми тұжырым болып алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Сөзжасамды бағыты – жаңа туындының өлшемдік белгілерін, адамзаттық, ұлттық тектік астарын танытып, әдіснамалық негіздеме болатын, сөздің бастапқы таңбадан ауысуын қарастыратын ғылыми ілім. Сөзжасам арқылы сөз тегі, жалпы тілжасам зерттеледі; сөздің пайда болуында бірнеше ғылымның тоғысуы көрінеді; яғни бұл сала сөздің пайда болуы кезінде түрлі ғылымның қиысуын, шектесімін түсіндіреді. Сондықтан сөзжасам ғылымдар тоғысындағы ілім ретінде когнитологиямен теңеседі. Осыған байланысты кірме концептілі қолданыстар бөтен түсініктегі бірліктер, сөздер болғандықтан, реципиент тіл үшін туынды болып есептеліп, сөзжасамда жеке нысанға алынып қаралады.

Концепт – сөзжасам теориясының нақты категориялық бірлігі, жаңа сөз жасаудағы басты тетік. Онсыз сөз туындамас еді. Сөзжасам ілімінде бұл көрсеткіш арқылы сөздің пайда болуына негіздеме жасалапы, пайда болу жолдары, теориясы жинақталады, сөйтіп тілжасамдық парадигма қалыптасады.

Концепт қазақ тілінде өзек ұғым дегенді білдіреді. Өзек ұғым адам санасында, ой түбінде әуелде бекіген, туа біткен, тіл пайда болғанға дейін әлемдік мазмұн бөліктерінің адам миында шоғырлануымен туады. Концепт сөзінің ұғым түсінігіне сай келетінін орыс тілді ғалымдар да қостайды. Ғалым М.В. Калашников өз мақаласында концепт туралы түсінікке саралау жасап: «Когнитология аясында концепт бірден ұғым сөзінің синонимі немесе оның орынбасары бола алады» (2015, б. 128.) – деп түсінік берген. Когнитологияда адам танымына тіл, сөз арқылы зерттеу жүргізілетіні белгілі.

Сонымен концептіні төл және кірме деп бөлу оның ұлттық ұғымдық немесе бөтен, жат ұғымдық болуына байланысты. Мысалы: қазақ тіліндегі туыстық танымға қатысты *жиен, жиеншар, нағашы, сіңлі, іні*, т.б. деген атаулар; *құрт, сүзбе, қазы-қарта, шұжық, іркіт, қымыран, қымыз*, т.б. тағам атаулары нағыз төл концептілі сөздер болады. Бұлардың төл концептілі екені басқа тілге дәл аударуға келмейтіндігінен көрінеді. Тек белгілі бір ұғымдық түсінік қалыптастырып, мағыналық бөліктерін ғана аударуға болады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі айналайын,

қалқам, қарағым дегендер де – төл концептілі сөздер. Мұндағы сөздер 1-жақ жіктік жалғауымен (*айнал+айын,*), тәуелдік жалғаудың 1-жағымен (*қалқа+м, қарақ(з)+ым*) тұтасып, жымдасып, әуелден төл концептілі қаратпаға айналды.

Төл концептілі сөздерге ұлт тілінің байырғы төл сөздері, қолданыстары, төл танымнан қалыптасқан бірліктер жататыны түсінікті. Кірме концептілі сөздер деп шет тілдік таныммен туындап, қабылдаушы елдің тілдік танымына сай келе қоймайтын, қажеттіліктен қабылданатын туынды семантикалық қолданыстарды атаймыз. Кірме концептілі қолданыстарға барлық салалық терминдер, әлеуметтік, тұрмыстық, сауда-саттық, мәдени, саяси, т.б. қазақ танымында өмірлік қарым-қатынас нәтижесінде пайда болған сөздерді жатқызамыз: *реформатор, инновация, нотариус, календарь, академия, жюри, хобби, аудио, лимит, бонус, инстаграм*, т.б. Әрине, кірме концептілі қолданыстарды іштей мағыналық топтарға жіктеуге болады. Мақалалық көлемде бәрін ашып түсіндіру мүмкін болмағандықтан, кірме концептілі қолданыстардың жалпы сөзжасамдық негіздерін түсіндіруге тырыстық.

Қазақ тіл ғылымының негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы (1992) «кірме ұғым» (концепт) сөзін қолданбағанмен, әдеби тіл, баспасөз тілі туралы жазған орыс тілді баяндамасында кірме сөздің қазақ тілінде қолданылу мәні, тілге сәйкес келу-келмеуіне қарай төл тіл ерекшелігін ескеру қажеттігін атап өтеді: «... Жалпы қолданылатын әлемдік терминдер қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгерістермен қабылдануы тиіс. ... Кірме терминдер біздің қазақша сөйлеуімізге бағынып, тілдің үйреншікті артикуляциясынан туындайтын тіліміздің дыбыстық заңына ыңғайлануы керек» (Байтұрсынұлы, 1992, б. 423) – дей келе, кірме сөз қабылдаушы тілге тектес болса да, болмаса да, сондай-ақ еуропалық терминдер де айтылым-жазылым тұрғысынан реципиент тіл заңдылығына бағынуы тиістігіне баса көңіл бөлгізеді.

Қ. Жұбанов (2013) зерттеуінде де «кірме сөз, кірме ұғым» сөздері қолданылмағанмен, терминдік шет сөзді қабылдау, аудару туралы жеке мақала жазған. Ғалымның басқа зерттеушілерден ерекшелігі «төл ұғым» түсінігін қолданады. Зерттеуші кірме сөз бен кірме ұғымның қатар жүретінін жеткізгісі келеді: «Ғылыми ұғымдарды белгілі бір ғылым тарихының белгілі бір кезеңі жетектеп отырады, мұнда сол ұғымды малданып отырған халықтың тарих жолымен...келіп шыққан сезімі жаңа ашылған процеске кедергі бола алмайды... Қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданылатын сөзі болудан озып, ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына кіреді» (Жұбанов, 2013, б. 286) – деген пікірінде төл ұғым мен кірме ұғымның айырмашылығын астармен түсіндіріп, күнделікті жай сөздердің ғылыми түсінікке айналуында тарихи қалыптасқан алғашқы төл концепт «бұлыңғырланып кететінін» ескертіп, мысалдық дерекпен түсіндіреді: «Қазақтың «тау сағызы» мен «жабағысы» өрісі шетке шыға алмай, қазақтың өзі ғана білетін ұғымдар болып жүрген кезде жай сөздіктен асқан жоқ. Ал енді «тау сағыз» сөзі белгілі бір ботаникалық, химиялық ұғымды, «жабағы» сөзі – тауарлық (товар) ұғымды алып еді, бұлар термин болып шыға келді» (Жұбанов, 2013, б. 286) – деп сөздердің терминге айналуы төл ұғымның кеңеюіне қатысты болатынын нақтылайды.

Зерттеушінің зерттеуінен байқағанымыз – қарапайым қолданыстағы төл концептілі сөз белгілі бір салаға қатысты аталымға көшуі үшін ресми қолданыстық мәнге ие түсіп, қызметінің кеңеюіне байланысты себептіліктің пайда болуы. Яғни қарапайым қолданыстағы төл концептілі сөз терминдік сипатқа түсу үшін

ол қолданылатын зат, нәрсе ғылыми, техникалық, әлеуметтік, экономикалық, т.б. үдерісте қажеттілікке ауысуы тиіс; ал қажеттілік туындамаған жағдайда тар мағыналы сипатта қала береді. Мысалы: кірме түсінікпен енген *ресторан* сөзінің негізгі мағынасы, латыншадан алғанда, «қалпына келтіру, бекіту» (Ушаков, 1935) дегенді білдіреді екен. Француз тіліне де осы мағынасында еніп, «тамақпен қалпына келтіремін» деген түсінікте қоғамдық тамақтану орны атауына айналды. С.И. Ожегов (2006) сөздігінде де осы сөз тамақтану орны ретінде түсіндірілген. Бұл сөз қазақ тіліне орыс тілі арқылы түпкі ұғымында емес, *тойлау*, *той өткізу орны* ұғымында қабылданып, төл концептілі той сөзі және оған кеңістік мәнді кірме *-хана* жұрнағы қосылып, жаңа туынды, әлеуметтік мәндегі атау сөз (*тойхана*) болып қалыптасты. Көріп отырғанымыздай, кірме концептіден төл концептілі сөзіміз семантикалық жағынан кеңейіп және синтетикалық тәсіл арқылы жаңа мағыналы туындыға (*той өткізетін орын атауына*) айналды.

Ғалым М. Балақаев (2008) кірме концептілі сөздерге қатысты *-шы/-ші* жұрнағының орынды-орынсыз жалғануы туралы пікір білдіреді. Зерттеуші *футболист*, *машинист*, *штангист*, *журналист*, *атеист*, *телефонист*, т.б. кірме концептілі сөздерге *-шы/-ші* жұрнағының жалғануын құптамайтындығын айтады. Ғалымның ойынша, бұл жұрнақ тек төл концептілі сөздерге тән: малшы, темірші, егінші, тігінші, басшы, т.б. (Балақаев, 2008, б. 99–100). Балақаев төл концептілі сөздер мен төл қосымшалардың өзіндік қолданысында бірізділік болуы тиістігіне мән бергізеді. Шынында, *-шы/-ші* жұрнағы қазақ тілінің әлеуметтік, тұрмыстық, оқыту саласына қатысты төл концептілі сөздерге ғана бейімді екенін қолданыстардан аңғаруға болады: *оқушы*, *оқытушы*, *жүргізуші*, *тілші*, *сатушы*, *алушы*, *салымышы*, т.б. Кірме концептілі сөздерге төл жұрнақтардың жалғануы сәтсіз шығады (*экономист – экономышы*).

Ғалым Ә. Қайдар (1998) кірме сөздерді қарастыру тарихи лексикология еншісі екенін, «тарихи лексикологияның төл ісіне тілдер туыстығы, сөз жасау модельдері мен номинация, мотивациялық ұқсастықтар, паремиология, фразеология саласындағы дүниетаным және бейнелеу ортақтығы, т.б. зерттеуді де қосу» (1998, б. 55–56) туралы ой айтады. Бұл пікірден ғалымның сөздің жасалуына себеп болатын танымдық бірліктерді (*дүниетаным*, *себептілік*, *тілдік байланыс*, *сөз жасау үлгісі*) атап отырғанын түсінуге болады. Ғалым тіл өзегін қарастыруда этимологиялық зерттеуге көңіл бөлгізіп, оның төрт ұстанымына түсінік береді. Фонетикалық ұстаным «түбірдің фоно-морфологиялық варианттылығы, дыбыстық өзгерістердің мағыналық ауытқуларға себеп болуын» (*көгілдір – көк+ілдір, ұғым – ұқ+ым, т.б.*) анықтайтынын; морфологиялық ұстаным «сөздің табиғатын, ... туыстық қатыстығын ... табуға» (*ау-на, бу-на, қай-на, тыр-на* сөздеріндегі алғашқы екі сөз айқын түбір екені, кейінгі екеуі өлі түбір болатынын анықтауда) көмекші құрал екенін; семантикалық ұстаным сөз мағынасының бағыт-бағдарын, ... ат қоюда түрлі мотивті анықтауға, ... ұқсастықты анықтау көзі болатынын атап, осы үш ұстаным төртінші – тарихи – ұстанымға сүйену қажет деп ойын түйіндейді. Ғалым морфологиялық ұстанымды «түркі тілін зерттеуші этимолог ғалымдардың өз зерттеулерінде кең түрде пайдалана алмай жүргенін» ескертеді (Қайдар, 1998, б. 63–67).

С. Исаев «сөзжасамның басты белгісі – жаңа мағыналы сөз тудыру» (1998, б. 250) – деген анықтамасынан кірме сөз мәнін де түсінеміз. Зерттеуші лексикалық-семантикалық тәсіл қызметін екі амалға (лексикалық амал, семантикалық амал) бөледі. Лексикалық амал кірме сөздерге ғана қатысты екенін айтады. Себебі

басқа тілден енген сөздерді реципиент өз ұғымына сай болу-болмауына қарай дайын күйінде қабылдап қолданады, танымына (концептісіне) сай болса, аударып алады. Семантикалық амалды Исаев «түркі синкретизмімен» ұштастырып, оларды конверсиялық тәсілмен жасалғандар деп түсіндіреді, мысалға «тат, ой, қыз, тоң» сөздерін талдаған (1998, б. 280–282). Конверсиялық амал төл ұғымды сөздерде ғана жүзеге асады. Мысалы: *көш(у) – көш; көсеу – көсеу; тоң(у) – тоң; ою(ойу) – ою*; т.б.

Келесі зерттеуші ғалым Ө. Айтбайұлы: «Қазақ тілінің сөздік құрамында терминдік мәнге көшкен байырғы сөздер» туралы айта отырып, оларды «жаңа мағыналары, қолданыстағы жаңа қызметі қоғам дамуының нәтижесінде ... туындаған, ... дағдылы қалыпқа түскен лексикалық қабаттар» сипаттайды (2013). Мысалға *екпін, сұраным, ұсыным, мәре, сайлау, ізбазар, шеберлік, шарт*, т.б. көптеген төл концепті сөзді терминге айналған деп түсіндіреді. Бірақ бұл тәрізді кей сөздің терминге айналуы кірме концептілі қолданыстың тілімізге еніп, соның негізінде аударма жасау қажеттілігінен болып отырғаны аян және ол сөздер нақты төл концептілі негіздерден жасалса да, «жасанды сөз» болып табылады. Мысалы *сұрау – сұраным, сұраныс; өтіну – өтінім, өтініш; ұсыну – ұсыныс, ұсыным*; т.б. Осындағы сұраным орыс тілінде запрос, сұраныс – спрос деген түсінікті жеткізеді. Ал қазақ тілі үшін орыс тіліндегі осы ұғымдар тек сұрау деген төл ұғыммен айтылса да, жеткілікті еді. Бірақ кірме концепт әсерінен біз жасанды сұраным, сұраныс, тағы өтінім деген жасанды туындыларды қалыптастыруға мәжбүр болдық.

Ғалым О. Сүлейменов (1998) «Таңба тілі» еңбегінде сөздің пайда болуының тектік негізі, этимологиясын ашу, бастапқы ұғымдық (таңбалық) белгілерін тану туралы терең танымдық мәлімет береді. Зерттеуші сөз тегін, өзегін ашудың басты көзін алғашқы таңбалардан іздеуге бағыттайды. Жалпы тіл ғылымы Таңбалар тілін түсінбегендіктен, «соссюрлік» ілімнен аса алмай («сөз өздігінен, негізсіз пайда болды») жүргенін, сөзжасамдық үлгіні көне таңбалардан алу керектігін, сөзтаным әлі жетік зерттелмей жатқанын, лексемалардың ұғымы негізделмей жатқанын айтады. Ғалым: «Осылайша, лингвистикалық зерттеулердің аясы тарылды. Тектік тіл білімдік зерттеу тілдің тұтас ағашының тамыр жүйесі мен діңі болудан ада қалды. Қазіргі этимология сөз тарихының тек беткі жағын қана қопарумен айналысатын болды. Этимологиялық сөздіктер көне ағаш түбіріне терең бойламайды. Барлығын латыннан басталады дейді де, нүктесін қояды» (Сүлейменов, 1998, б. 30.) (Аударған Ы.Ш.) – деп, сөз өзегін – таңбалардан – концептіден тану қажет деп бағыт береді. Зерттеушінің сөзді этимологиямен «қазбалау» тұжырымы туындылық теориясының негізгі ұстанымы болуы керек деген ойға жетелейді. Тағы бірде ғалым: «Бастапқы дәуірдегі барлық тілде таралған негізділікті дамытушы, қалпына келтірілген сөзжасамдық үлгілер ("белгі + атау + түсіндіру = ұғым сөз") әлі де бір тектілігін жоғалтпады, осыдан барлық морфологиялық ереже жалпы грамматикалық заңдылық сипатына түсті. Морфологиялық ережелерді қайта қарау этимологияның «сәуегейліктен» нақты ғылым санатына көшіп, жаңа тіл білімінің берік іргетасына айналуына мүмкіндік береді» (Сүлейменов, 1998, б. 495) (Аударған Ы.Ш.) – деп, этимологияның зерттеу бағытының қалай болу керектігіне назар аудартады. Осы жағынан тілтанушы Сүлейменов пен ғалым Қайдардың этимологиялық зерттеуге бойлау туралы ойлары бір арнада тоғысады. Сүлейменов келтірген мысалдар көне таңбалармен беріледі.

Б.С. Бокулева (2013) мақаласында кірме сөздердің енуі бөтен тілдің «әлеуметтік маңызы күшті болуына» байланысты екені, бөтен тілді игеруде тұлға

«әлеуметтік мәртебеге ие болатыны» айтылады. Дәлелге үнділіктерге ислам дінімен араб тілінің қажеттілігі туындағанын, сол тіл арқылы имандылық, тақуалық енгенін келтіреді. Мысалға араб тілінің *mazjid – мешит* сөзі үнділерге ислам дінінің клуімен, *hijab – жабын* сөзі үнділік әйелдің ашық сари ұлттық киімі ислам дініне сай келмегендіктен, денені тұтас жабу қажеттілігінен енгенін атап көрсетеді (Бокулева, 2013, б. 65). Ғалым кірме ұғымын тек кірме сөз тіркесінде қарастырған, ал кірме концепт мәселесі сөз болмағанмен, бұл «тілдің әлеуметтік басымдылығы» деген сияқты жеке бөліктік түсініктермен жеткізіледі.

А.Ә. Ниязғалиева (2009) мақаласында диалектолог ғалымдардың еңбектері негізінде қазақ тілінің төрт аймағына түркі, араб-парсы, монғол, орыс тілінен енген кірме сөздердің диалектілік қолданысы тұжырымдалады. Мақалада зерттеулерге талдау беруде кірме сөздердің ұғымдық қолданысы емес, олардың қазақ тіліне екі жолмен – тікелей және аралық тілмен – енуі туралы қорытынды жасалады. Бірақ зерттеуші бірнеше ғалымның зерттеуінен мысалдар (*жуырқа – көрпе, азан – таңертең, сеня – сенек, шарф – шарып*) келтіріп талдағанмен, олардың қайсысы тікелей, қайсысы аралық енген сөз екенін нақты ажыратып көрсетпеген (Ниязғалиева, 2009, б. 27–33). Мақала жалпы түсінік беру бағытында жазылған.

Орыс тілінде кірме концепт туралы тұжырымдар көп зерттеуде айтылады. В.В. Виноградов (1953) «Сөздің негізгі лексикалық мағына түрлері» зерттеуінде сөз семантикасы мүлдем жойылмаса ғана ұғым еркін, номинативті мағынаға айналуы мүмкін екенін, сөз семантикасы тек сол ұғымның көрінісімен шектелмейтінін айтады (1953, б. 29). Бұл арада ғалым ұғымның шексіздік белгісін айқындап отыр, яғни төл концепт кірмеге айналғанда, түрлі семаға түседі. Мысалы: қазақ тіліндегі тағамдық «құрт» сөзі – қазақтың төл танымымен туындаған атау. Қазақ осы тағамның атауын оның бірнеше үдерістен өтіп (*сүттің қаймағынан айырылуы, ұйытылып, ашытылып, іркітке айналуы, одан соң сары судан ажыратылып, ірімшік түрінде қайнатылуы, сүзілуі, кептірілуі*), кептірілген түріне қарап қойған. БАҚ дерегінде де «құрт» сөзі түріктің «куру» деген сөзінен шыққан, «құрғақ» деген мағынаны білдіреді» (kaz.inform.kz) – деп берілген. Бұл сөз шет тілге енгенде, түрлі семамен түсіндірілуі мүмкін: *кепкен ірімшік, сүзбе*, т.б. Алайда негіз концептісі олар үшін түсініксіз болады.

Төл концепт басқа тілге кірме болып енуі реципиент елдің танымында сол концептінің болмауына байланысты. А.А. Потебня: «... Халықтың өз тілінде жоқ нәрсені сол халықтың тіліне сіңіруге ешкімнің құқығы жоқ» (1989, б. 133) (Аударған Ы.Ш.) – деп нақтылайды. Ендеше реципиент ел кірме бірлікті қабылдаған кезде өзінде жоқ кірме ұғымды өзгеріссіз қабылдауға мәжбүр болады. Мысалы, қазақ тіліндегі экзотикалық атаулар болатын *апельсин, лимон, мандарин*, т.б. сөздер концептілік жағынан да, атауы жағынан да кірме болып табылады. Өйткені бұл атаулардың қандай таныммен қалыптасқаны бізге белгісіз. Танымдық қалыптасуы белгісіз болғандықтан, бұл сөздер әрі кірме концепт, әрі кірме сөз ретінде қалып, тілімізде аударылмай қолданылады.

М. Цатурян (2023) тілдік кірме бірліктердің қазіргі уақытқа дейін де өзекті екенін, әуелде екі ғасыр бұрын отандық және шетелдік зерттеушілерден, оның ішінде Б. де Куртене, Е. Иссерлин, Л. Микитич, И. Огиенко, Л. Блумфилд, т.б. еңбектерінен басталатынын айтады. М. Цатурян «тілдік кірме» қабылдаушы ұлттың дүниетанымынан тыс құбылысты қабылдау» деп түсіндірген Л. Блумфилд пікірін алға тартады (Цатурян, 2023, б. 192).

Американ ғалымы Дж. Лакофф: «... Біздің концептілік жүйеміз күнделікті өмірде шынайы танымызды (реалиямызды) айқындауда басты орын алады» (2004, б. 25) (Аударған Ы.Ш.) – деп, концепт ойлау жүйесін басқаратынын, одан туындалған атаулар тек метафора екенін жеткізеді. Расында, әр ұлттың танымы өмір сүрген кеңістігі мен әлемді қабылдауынан тұрады. Соған орай ұлт тілінде дүниеге қойылатын атаулар пайда болады. Атаулар, Дж. Лакофф айтқандай, тек метафоралық қолданыс болып қалады, себебі берілген атау зат-құбылыстың нақты өзін білдірмей, заттың бір белгісіне қарай қойылуы мүмкін. Мәселен, қазақ тілінде *орындық* сөзі неге осылай аталады? Бұл – адамның белгілі бір қалыпқа (отыруға) түсуі үшін берілген атау ғана. Бірақ ол ағаштан, темірден, т.б. заттан жасалуы мүмкін. Ендеше бұл атау – шартты атау – метафора.

К. Заирова (Zayrova, 2023) қарақалпақ тіліндегі киім атауларының этно мәдени сипатын ашып, этно мәдени бірліктердің жасалымында ұлттық таным, ұғым мәні, қарақалпақ киім атауларының этнографиялық белгісі, пайда болу себептерін тіл білімдік негізде талдап түсіндіреді. Мысалы: «сәукеле» сөзі иран тіліндегі «шох-кулок» деген сөзінен қалыптасқанын, бұның мағынасы «падишаның бас киімі» дегенді білдіретінін өзіне дейінгі зерттеулер арқылы болжайды. Бұл сөз – қазақ тіліне де ортақ сөз; бірақ оның шығуына қатысты қазақ тілінде халықтық болжамдар болмаса, нақты ғылыми дәлелді дерек кездеспеді. Автор «Киімнің этномәдени ерекшелігін анықтайтын қасиеттер оның атауы арқылы көрінеді» (Zayrova, 2023, б. 131) – деген тұжырымымен атаудың берілуі нақты бір танымнан туындайтынын астарлайды.

Кірме концепт деген түсініктен бөлек кірме сөз деген қолданыс бар. Бір қарағанда, бұл екі тіркес бір тектес, мағыналас болып көрінгенмен, екеуінің қызметі түрліше. Кірме концепт – сөзбен де, ұғыммен де жат болып, реципиент тілге енуі, қабылдануы. Оған тілімізге шеттен енген бірнеше ғылыми техникалық, экономикалық, шаруашылық, т.б. бағыттағы атаулар, жалпы сөздер дәлел. Мысалы экзотикалық атауға жататын *лимон, банан, апельсин, мандарин атаулары; драйвер, файл, байт, сканер, камера*, т.б. техникалық атаулар, т.б. әрі кірме концепт, әрі кірме сөз болып табылады. Әрине, мысалдағы кей сөздер қолданысымызда әбден сіңіп кеткеннен соң, олардың ұғымдары толық болмаса да, семалық бөліктермен түсінікті бола бастады. Бірақ концептісі де кірме, тұлғасы да кірме бірліктер болғандықтан, бұлар қабылдаушы тілге (қазақ тіліне) аударуға мүлде көнбейді.

Осыдан кірме сөздерді екі түрге бөліп қарауға болатынын көреміз: 1) Адамзатқа ортақ, концептісі таныс, бірақ сырт тұлғасы, дыбысталу жамылғышы бөтен кірме сөздер. Бұған планета атауларын (*Сатурн, Марс, Юпитер*, т.б.), табиғи құбылыс атауларын (*атмосфера, температура*, т.б.), кей тағам атауын (*сыр, колбаса, тандем, пицца, торт, салат*, т.б.), экономикаға, нарыққа, саяси қарым-қатынасқа, т.б. қатысты сөздерді (*супермаркет, зауыт, фабрика, валюта, нөл, нөмір, банк, банкомат, визит, партия, он-лайн, оф-лайн, интернет*, т.б.), т.б. атауларды жатқызуға болады. Мұндай сырт тұлғасымен ғана кірме болатын сөздер аударуға икемді келеді, көбі тез аударылады; 2) Ұғымы да жат, дыбысталу тұлғасы да жат, аударылмайтын кірме сөздер. Оған жоғарыда аталған және *смартфон, электр, курсив, фрейм, линолеум*, т.б. сөздер, сонымен бірге, көбіне, техникалық атауға қатысты кірме концептілі мысалдарды атаймыз.

Жалпы тілдік кірме немесе тек кірме ұғым – өзге ұлт тілдерінің сөздік қорынан тілдік бірліктерді пайдалану ғана емес, бөтен тілдік танымды игеру үдерісі. Нақты

кірме сөздерді пайдалануда өзге ұлттың ұғымдық танымы, болмысы, жаратылысы, концептісі байқалады. Бөтеннен енген сөздер саралауға, іріктеуге түсіп, реципиент тілде кірме таным, ұғым шоғырланып, дүниетанымдық өзгеріс болады, сөз қабылдаушы ұлттың танымы кеңейеді; тілде лакуна сөздер пайда болады.

Кірме ұғым жаңа сөздердің туындауында да, ұлт дүниетанымын кеңейтуде де ықпалы зор және тілдік кеңістіктің (ландшафтының) ұлғаюына әсер етеді. Тілдік ландшафтының кеңеюінен адам кез келген тілдегі ақпараттық мәтінді түсіне алатын дәрежеге жетеді. Бұны зерттеуші Дюзенберг: «Қазіргі уақытта, жаһандану дәуірінде, біз түрлі мәдениеттің өзара байланысу, шектесу үдерісіне тартылатынымыз сөзсіз. Бұл үдеріс лингвистикалық қолданыстардан анық көрінеді: мысалы, шетелдік сөздер (кірме) санының көбеюі, оларды ана тілінде сөйлейтіндердің өз қолданысына енгізуі; сол кірмелердің елдің, ұлттың тілінде қысқа мерзімде бекуі» (Duisenberg, 2020, p. 15) (Аударған Ы.Ш.) – деп түсіндіреді. Ғалым айтқандай, қазақ тілінде аз уақыт ішінде шетелдік кірмелердің бекіп, аударуға көнбей қолданылатыны жетерлік. Мысалы: марка, конверт, компьютер, микрофон, диск, фаст-фуд, коктейль, сканер, телефон, каньон, скриншот, сайт, акция, смол, грэндвич, т.б. Осындай кірме бірліктердің енуінен адамдардың ғылыми техникалық, физикалық танымы кеңейгені айғақ.

Кірме сөздер арқылы қалыптасатын концептінің өзін кірме сөздерді аудару кезінде қабылданатын концепт, қабылданбайтын концепт дегенді негізге алу аударманың сәтті шығуына себін тигізеді. Қазақ тіліне кірме концепт кірме сөздердің тікелей қабылдануынан және аударылып енуімен де тұрақталады. Кірме сөздің аудармасыз, бірден, тікелей қабылдануы сол сөзге қатысты ұғымның реципиент тілінде болмауымен байланысты. Тікелей енген кірме сөздер арқылы оларды қабылдаушы ел санасында кірме мазмұн шоғырланып, мәдениаралық, ғаламдық таным толысады. Кірме концепт әлемнің басқа қырын сезінуге ықпал етіп, адамның дүниетанымын кеңейтіп, тілін дамытып, сөздік қорын молайтады. Дегенмен аударылмай, дайын күйде қабылданған кірме сөз реципиент тілде сол кірме ұғымның жоқ екенін білдіреді. Концептісі бөтен болса, кірме сөз аударылмай, тек жаңа ұғым әкеледі. Сөзі де, концептісі де аударылмайтын болса, оларды тікелей кірме концептілі бірліктер дейміз (терминдер, ғылыми, техникалық, экономикалық, әлеуметтік, саяси өзгеріспен, т.б. енетін сөздер). Мұндай тікелей енген кірме концептілі сөздер мүлде аударуға көнбейді (*авто, телефон, машина, пластик, акт, миллион, цитрус, бампер, руль, актер, плинтус*, т.б.). Алайда тікелей кірме концептілі сөзді қабылдаушы тіл оның ұғымдық мазмұндық белгілерін (*қызметтік белгі, ұғымдық белгі, түр-түс, көлемдік, пішіндік, дәм, иістік белгі*, т.б.), лексикалық қолданысын әбден түсінген соң, әр қырынан шартты түрде аударуға икемдейді. Мысалы: *капуста – қырыққабат немесе орамжапырақ*; мұнда сөз толық аударылып тұрған жоқ, көкөністің сыртқы құрылысына қарай атау жасалған. Нақты аудармасын беру мүмкін емес, өйткені бұл лексемалық бірлік қазақ тіліне жат концептілі сөз болып табылады. Сол сияқты электронды жазуда қолданылатын орыс тілінің *мышь* сөзі қызметтік белгісіне қарай *тінтуір* деп аударылды. Келесі *плинтус* сөзі де осы атау берілген заттың қызметтік белгісіне қарай ұлттық энциклопедияда *кенерелік, ернеулік, еденкемер* (Қалиев, 2014) деп берілген. Бірақ халық бұл сөзді естуіне қарай *плинтус* деп қана қолданады, өйткені алғаш көріп қабылдау осы атаумен енген. Ал бұл сөз грекше *кірпіш* дегенді білдіреді екен (Ушаков, 1935). Осы сөзді заттық қолданысына қарап, *ірге бекіткіш* деп аударуға да болар еді. Өйткені қазақ

танымына *ірге* – әдеби тіл бойынша түсінікті, бұрыннан таныс сөз. Осы тәрізді қазақ тілінде кірме концептімен аударылған не аударуды қажет ететін туынды көп. Оларды лексика-семантикалық тәсілмен, аударма арқылы туындайтын бірліктер деп танытамыз.

Тікелей енген кірме концептілі сөз қолданыста дайын қабылданған түрінде ғана түсінікті болады. Жартылай аудару кірме ұғымның бір бөлік түсінігін ғана жеткізеді. Тікелей кірме концептілі сөздердің аударылмауы, біріншіден, олардың қабылдаушы тілге дүниетанымы алшақ елдерден (үнді-еуропалық, т.б.) енуіне байланысты болса, екіншіден, заттық өнімдердің шет елде жасалып, соған қатысты атаулар бірінші сол елде қойылатындықтан, қабылдаушы ел өнімдік атауларды дайын күйінде алады. Олар түсінікті болса, тез аударылады, түсініксіз болса, аударылмайды. Көбінесе ғылыми терминдер (*азон, аммиак, карта, глобус, дисфемизм, табу*, т.б.); басқа елде өндіріліп, атауы шет елше беріліп енген зат-өнім атаулары (*шампунь, бальзам, йод, компьютер, флеш, кондиционер*, т.б.) жатады. Кірме концептілі сөздер аударуға келмесе, онда тұлғасы кейде дыбыстық өзгеріске түсіп қолданылады (*жәшік, бөрене, керуерт*, т.б.).

Ал араб-парсы, иран тілінен енген кірме концептілі сөздерді қазақ тілінде өз сөзі сияқты қолданып кету мүмкін болады. Өйткені қазақ тілінде (реципиент тіл болса да) өзімен тектес тілден қабылданған сөздер ұғымы қазақтың дүниетанымына таныс, жақын келеді. Өз сөзі болып сіңіп кеткен сөздер тіл ғылымында игерілген сөздер деп аталады: *гүл, кітап, әдеп, әлем*, т.б.

Аударма жасауда төл, кірме концепт түсінігінен бөлек концептілік сәйкестік деген мәселені негізге алу жөн. Концептілік сәйкестік – атаулардың (сөздердің) дыбыстық тұлғасымен емес, өзек ұғымымен сай келуі. Мысалы: *бүйен* – «*двенадцатиперстная кишка*» – деген ағза атауында ұғымдық сәйкес болғанмен, атау екі тілде ұлт танымына сай берілген. Қазақ тілінде «*бүйен*» – *ұлғаяу (бүю)* деп, ішкі құрылыстың біртіндеп үлкейіп, созылу түсінігінен туындаса, орыс тілінде бұл іш құрылысы он екі саусақ өлшеміндей болуынан «*он екі елі ішек*» деп берілген. Қазақ тілінде бір-ақ сөзбен аталса, орыс тілінде күрделі тіркесті келеді. Өзек ұғым екі тілге де түсінікті болғанмен, затты қабылдап елестету, бейнелеп атау екі ұлтта екі түрлі. Мұндағы концептілік сәйкестік – екі тілде де адам ағзасының ішкі құрылыс бөлігі екені (анатомиялық атау). Келесі сөз – «*қанқұрт*» – қазақша тіс бұзылуына қатысты атау. Қазақ тілінде тістің ауруы тіске емес, қан құрамының өзгеруіне (құрттың түсуіне) байланысты болатыны осы атаумен нақты жеткізілген. Ал шет тілінде *қанқұрт* «*кариес*» деп беріліп, латынша «*шіру*» дегенді білдіреді. Сөйтіп қазақ тілінде тістің бұзылуы *қанға қатысты себеппен* аталса, шет тіліндегі атау тістің бұзылу салдарына қатысты қойылған. Бірақ екі тілде де концептілік сәйкестік – *тістің бұзылуы, тіс ауруы*.

Дәл осындай талдауға қазақ тіліндегі асқазан астындағы ағза бөлігі болып табылатын «*ұйқы безі*» атауы түсе алады. Қазақ тілінде бұл атау тамақ ішкен соң, адамның көңілі жайланып, маужырап, асқазан түбіндегі бездің әсерінен ұйқысы келуіне қарай аталған. Орыс тілінде осы ағза «*поджелудочная железа*» – «ас қорыту жүйесін іске асыратын асқазан безі» – деп аталады. Қазақ тілінде «*ұйқы безі*» деп асқазан безінің тамақ ішкеннен кейінгі әрекеттік мәніне қатысты берілсе, орыс тілінде асқазанның жалпы ас қорыту әрекетіне байланысты қойылған, екеуінде де концептілік сәйкестік – асқазан қызметі. Біз сөз етіп отырған концептілік сәйкестік туралы зерттеуші Дж. Хан (Han, 2020) ұтымды түсінік берген. Мақалада ғалым

концептілік сәйкестікті негізге алу арқылы аударма жасау дұрыс болатындығын сөз етеді. Метафораның концептілік құрылымнан туындайтынын, оны аудару кезінде концептілік шектесімге (интеграцияға) көңіл бөлу керектігін, қабылдаушы тілдің ерекшелігін, мәдени танымын, сөздік қорын да ескеру керектігін, концептінің араластығы туралы түсіндіреді (Нап, 2020, б. 137).

Концептілік сәйкестік адамзаттық құндылықтан, ортақ базалық концептіден шығады. Біздің ойымызды зерттеуші Т.А. Солдаткинаның: «Бірнеше зерттеушіден кейін ұлттық концепт жүйесі жеке, топтық, таптық, ұлттық және ортақ, яғни жалпы адамзаттық құндылығы бар тұжырымдама жиынтығынан тұрады деп санаймыз. Жалпы адамзатқа ортақ концептіге «Отан», «Ана», «Отбасы», «Бостандық», «Махаббат», «Сенім», «Достық» сияқты ұғымдар жатады және солардың негізінде. ұлттық мәдени құндылықтар сондай-ақ «Уақыт», «Кеңістік» «Себеptілік», т.б. сияқты іргелі әмбебап ұғымдар қалыптасады. Жалпы, ортақ концептілердің болуы халықтар арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз етеді. Сонымен бірге әр ұлттың өзіндік дүниетанымы мен құндылықтары бар» (Аударған Ы.Ш.) (Солдаткина, 2013, б. 5–6) – деген тұжырымы бекіте түседі.

Ғалым З. Темірғазина қазақ тіліндегі атаулардың қалыптасуындағы концептілік мазмұнды басқа қырынан ашады. Зерттеуші қазақ-орыс тіліндегі «қарапайым» анатомиялық атауларға салғастырмалы тілдік талдау жасап, «Бауыр» атауының ұлттық мәдени мазмұндық 12 дескрипторын берген (Temirgazina, 2020, б. 7–8). Осы анатомиялық атаудың қазақ тілінде туысқандық мәнге ауысу негіздемесі, қазақтың ұлттық мәдени, туысқандық құндылықтың жоғары тұтатын мәні атап көрсетіледі. Зерттеуде «бауыр – печень» сөздерінің концептілік сәйкестігі аңғарылады (Temirgazina, 2020, б. 7–8). Шынында да, қазақтың дене құрылыс атаулары тәннен тыс затқа метафоралық атау болып берілетіні белгілі. Мысалы: адамның көзі үстіндегі *қас* сөзі өзге зат атауының *жаны*, *маңы* деген ұғыммен синонимдес метафоралық атау болып айтылады. Сол сияқты аяқ сөзі де *істің соңы*, заттың соңғы бөлігі болып (*үстелдің аяғы*) метафораланды. Дж. Лакоффтың «Әлем тек метафорадан тұрады» (Lakoff, 2004) – деген тұжырымы да осындай ұғымдық түсініктерді талдап, танудан туындаған.

Кейбір кірме концептілі сөздер басқа ұлттың ерекшелігін, өмір құбылысын айқындау үшін, реңк беру үшін, кейде ұлттық белгі, таңба (символ) түрінде қолданылады, олар экзотизм сөздер деп аталады; олар да аударылмайтын кірме концептілі әрі кірме сөз қатарына жатады: *сакура*, *шейх*, *айкидо*, т. б. Қазақ тілінен басқа ұлт өкілдеріне *шаңырақ*, *қазы*, *бауырсақ*, *құрт*, т.б. атаулар экзотизм болады. Экзотизм сөздер, ұлттың танымына (реалиясына) сай келмегендіктен, таңсық әрі жат болып танылады.

Тікелей кірме концепт реципиент тілдің танымына жат, реалиясына сай келмеуінен, ол ұлттың дүниетанымына қосымша мазмұн болып қана шоғырланады, соған сай сөз де аударылмай, тура қабылданып, кірме сөз тобын құрайды. Кірме сөз бен кірме концепт кез келген тілде жаңа туындылардың қалыптасуына себеп болады., қазақ тілінде кірме концепт арқылы сөздің тікелей ену; жартылай аударылып ену үдерісімен жаңа туындылар қалыптасып, сөзжасамның зерттеу нысанына айналады.

Концептінің әсерінен жаңа туындылардың қалыптасуын білуге, қандай ұстаныммен зерделеу керектігін анықтауға болады. Біз концептінің сөз жасаудағы қызметін қарастыру арқылы төрт түрлі ұстанымды шығаруға болатынын анықтадық:

- төл (өзек) ұғымды сөзжасам;
- кірме ұғымды сөзжасам;
- аударма ұғымды сөзжасам;
- тұлғалық (пішіндік) сөзжасам (сырт тұлғалық өзгеріс).

Төл ұғымды сөзжасам – ұлт, этно концептімен сөздердің пайда болуы; төл концептілі сөзден түрлі тәсілмен көрінетін туындылар қаралады: Мысалы «Туыстық» төл концептісімен туындаған атаулар *шөпшек, немене, жиен, жиеншар, жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жекжат, жасағайын, қалыңдық*, т.б. атауға болады. «Мезгіл, уақыт» төл концептісімен қалыптасқан тіркестер: *сүт пісірім уақыт, ат шаптырым жер, қол созым жер*, т.б. Бұдан бөлек *ойын, ойыншық, балмұздақ, аялдама, ауыздық, төстік, сулық, майлық, білім, өнім, егін, түсім, алушы, жүргізуші*, т.б. дегендер де төл концептіден туындаған сөздер болып саналады.

Кірме ұғымды сөзжасам – кірме концепт арқылы пайда болатын туынды сөздер. Реципиент танымына, жаратылысына жат концептілі сөздер аудармасыз, бірден қабылданып, кейін солардан түрлі тәсілмен жаңа жасалымдар қалыптасады: *диск(лік) мәлімет, электр(лі), он-лайн жиналыс, робот адам, электронды бағалау, валюта бағамы, камералық (бақылау), аудиожазба, радиоқабылдағыш, жонглерлік, кандидаттық, әкімші, қойылым (постановка), жылытқы (грелка), басытқы (закуска)*, т.б. Бұлардан бөлек кірме жұрнақ пен префиксті де атауға болады: *-и – тарихи, ғылыми; бей- – бейкүнә, бейшара*, т.б. Осы ретке кірме концептілі сөздердің аударылмай, бірақ шет тілдік сырт тұлғасы өзгеріп қолданылатын сөздерді атаймыз: *жәшік, бөрене, керуерт, сеңке/сенек (сентя), бөтелке, тәпішке*, т.б.

Аударма ұғымды сөзжасам – кірме сөз ұғымы реципиентке түсінікті, ортақ болып, сөздер аударуға икемделіп жаңа сөздің пайда болуы. Реципиент тіліне кірме концепт таныс, ортақ болғанмен, оған қатысты тұлғалық, тілдік таңбалық бірлік (сөз) қалыптаспағандықтан (атаудың, қажетті қызметтік үдерістің болмауынан), ұғымы таныс кірме сөздер бірден аударылады да, жаңа туынды жасалады. Мұндай сөздерді ұғымдық-мағыналық аудармалы жасалымдар деп атауға болады: *ұшақ, әуежай, күнделік, галамтор, ғарыш, тікұшақ, тұрақ, сұраныс, өтінім, тоңазытқыш*, т.б.

Тұлғалық (пішіндік) сөзжасам. Бұл түрге, негізінен, модификациялық жұрнақтар арқылы туындайтын сөздерді атаймыз. Мысалы: *көлшік, сандықша, ұзынша, төбешік, көкшіл*, т.б. Бұлардың өзек ұғымы өзгермейді, сөздің модификациялық қосымшамен тұлғасы ғана өзгеріп, мағыналық реңк жамылады да, жеке туынды бірлік болып есептеледі. Мұндай жасалымға *-шаң/-шең, -аң/-ең, -ң, -ңғы/-ңгі, -ыңқы, -іңкі*, т.б. модификациялық жұрнақты сөздер жатады: *бойшаң, көйлекшең, басыңқы, түсіңкіре, айтыңқыра*, т.б.

Жалпы бұл ұстанымдармен кез келген туынды қалыптасады. Бірақ олар белгілі сөзжасамдық заңдылықпен ғана нақты туынды бірліктер болып таныла алады:

1-заңдылық – жаңа сөз болуы үшін туындының бір сөз табынан екінші сөз табына ауысу міндеттілігі. Мысалы: *ору – орақ – орақшы, ұшу – ұшықшы*;

2-заңдылық – сөз табы ішінде жаңа сөз жасалса, жаңа ұғымдық атауға ие болу тиістігі (зат есім сөз табында болады). Мысалы: *кітап – кітапхана – кітапханашы*, т.б.;

3-заңдылық – сөзден жаңа ұғымдық туынды жасалмай, тек мағыналық реңкпен сәл түрленіп, тұлғалық сөз жасалып, сөздік құрамды байыту. Мысалы:

аға – ағай – ағатай, ана – апай, көк – көкшіл – көгілдір; сары – сарғыш, бір – бірінші; т.б.

Біздің қарастыруымызбен ұсынылып отырған сөзжасамдық ұстаным-заңдылықтар төл, кірме туындының бәріне де қатысты болады. Жинақтай келгенде, төл және кірме концепт туралы ғылыми талдау беруде бірнеше нәтижеге қол жеткізілді: 1) төл және кірме концепт түсініктерінің сипатталуы; 2) кірме концепт және кірме сөз ұғымдарының ажыратылуы; 3) төл және кірме концептілер жаңа сөз жасауға тетік болатыны; 4) төл, кірме концепті туындылардың, жалпы сөздің сөзжасамдық үлгісін табуға, тануға негіз болатыны; 5) төл, кірме концептіні аударма теориясында негізге алу маңызды орын алатыны; 6) концептілік сәйкестік түсінігінің берілуі; 7) төл және кірме концепт этимологиялық зерттеуде тірек болатыны; 8) сөзжасамдық ұстаным-заңдылықтар туралы тұжырымның ұсынылуы; 8) ұсынылған тұжырымдарды сөзжасамдық зерттеуде әдіснамалық негіздеме ретінде алуға болатыны.

Қорытынды

Зерттеулік еңбектерді саралау барысында Қазақ тіл ғылымында туынды сөздер сипаты сөзжасамдық, мағыналық, ұғымдық мәні жағынан зерттеуге түсіп жүргенмен, төл, кірме концепт тұрғысынан қарастырылуы жеткілікті дәрежеде емес екені аңғарылады. Қазақ тіл ғылымында кірме концепт жалпы «кірме сөздер» деген түсінікте ғана қаралады. Осыған орай мақалада төл және кірме концепт түсініктерін негізгі нысан ретінде алып, оларға анықтама беріп, бұл ұғымдардың кірме сөз деген түсініктен бөлек екенін ажыратуға тырыстық. Кірме сөз тұлғалық жағынан ғана кірме болып, ал ұғымы базалық, адамзатқа ортақ түсінікте де болуы мүмкін. Кірме концепт те кірме сөз арқылы енеді, бірақ ондай кезде сөздің өзек ұғымы да, тұлғасы да қабылдаушы тілге мүлде жат болады. Міне, осындай мәселелер төл және кірме концепт туралы түсінікті қарастыруды қажет етіп, олардың сөзжасамдық мәнін, қызметін түсінуге, анықтауға себеп болды. Сөйтіп кірме концептінің реципиенттің, ұлттың танымына сай келу-келмеуіне қарай талдау, концептілердің толық не жартылай аударылуы, түсіндірілуі, концептілік сәйкестік туралы тұжырымдар жасалды. Берілген тұжырымдар сөзжасамның ғылыми теориялық парадигмасын толықтырады; мақаланың теориялық маңызын түсіндіреді. Зерттеудің практикалық маңызы адамзат тілінің таңбалық сипаты, туындылардың сөзжасамдық үлгісі концепт арқылы шешім табатындығын түсіндіруден көрінеді, сонымен қатар ұсынылған тұжырымдарды тіл білімдік зерттеулерде, тіл теориясы сабағында пайдалануға болады. Мақалада төл, кірме концептінің туындылардың негізін ашуға басты сөзжасамдық тетік болатыны сипатталды; концепт арқылы сөздің шығу тегін тану мүмкін болып, сөзжасамдық үлгі нақты көрініс береді. Негізге алынған, ұсынылған тұжырымдар арқылы төл және кірме концептілі қолданыстардың тіл білімдік сипаты, теориясы біршама айқындалды деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. Алматы: Абзал-Ай, 2013. 400 б.
- Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. 448 б.
- Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Арыс, 2008. 592 б.
- Бокулева Б.С. Кірме сөздер – мәдени ақпарат сақтаушы феномен // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №3 (64). 2013. Б. 64–68.

- Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // Вопросы языкознания. 1953. № 5. С. 3–29.
- Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Абзал-Ай, 2013. 608 б.
- Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998. 304 б.
- Калашников М.В. Идеологема. Концепт? Понятие! (К вопросу о минимально значимой единице исследования в рамках историко-семантического анализа) // «Стены и мосты» – III: история возникновения и развития идеи междисциплинарности: материалы междунар. научн. конф. Центр междисциплинарных гуманитарных исследований РГГУ. Москва: Академический проект, Гаудеамус, 2015. С. 124–134.
- Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. 304 б.
- Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. Перевод с англ. / Под ред. А.Н. Баранова. Москва: Едиториал УРСС, 2004. 256 с.
- Ниязғалиева А.Ә. Қазақ сөйленістеріндегі кірме сөздердің зерттелуі // ҚР ҒА Хабаршысы. Филология сериясы. 2009. №1. Б. 28–33. URL: <http://nbilib.library.kz/elib/library.kz/journal/Niazgalieva.pdf> (дата обращения: 01.03.2025)
- Потебня А. Мысль и язык // Слово и миф. Москва: «Правда», 1989. С. 17–200.
- Солдаткина Т.А. Базовые концепты английского и французского паремииологического фонда // Современные проблемы науки и образования (сетевое издание), 2013. №6. URL: <https://science-education.ru/ru/issue/view?id=113#:~:text=D> [OI,10.17513/spno.2013.6](https://science-education.ru/ru/issue/view?id=113#:~:text=D) (қаралған күні: 12.04.2025)
- Сүлейменов О. Язык письма. Алматы – Рим, 1998. 503 б.
- Цатурян М.М., Матевосян А.П. Научные концепции языкового заимствования // Современная наука: актуальные проблемы теории и практики. Серия гуманитарные науки. 2023. № 6. Б. 192–196.
- Duisenberg, M. (2020). Linguistic landscape: a cross cultural perspective. *Linguistics and Culture Review*, 4(1), 15–28.
- Han, J. (2020). Exploring the translation model of poetic metaphor based on conceptual integration theory. *Journal of Literature and Art Studies*, 10(2), 136–145. <https://doi.org/10.17265/2159-5836/2020.02.006>.
- Temirgazina, Z., Nikolaenko, S., Akosheva, M., Luczyk, M., & Khamitov, G. (2020). Naive anatomy in the Kazakh language world picture in comparison with English and Russian. *XLinguae*, 13(2), 3–16. <https://doi.org/10.18355/XL.2020.13.02.01>
- Zayrova, K.M. (2022). Ethnokulturelle Charakterisierung der Kleidungsbezeichnungen in der Karakalpak-Sprache. *Berlin Studies Transnational Journal of Science and Humanities*, 2(1.6) 125–132.

Дереккөздер

- Кузнецов С.А. Большой толковый словарь. Санкт-Петербург: Норинт, 2000. 1536 с.
- kaz.inform.kz Қазақтың ұлттық тағамдарының атауы қайдан шыққан? URL: <https://kaz.inform.kz/news/kazaktin-ulttik-tagamdarinin-ataulari-kaydan-shikkan-acf222/> (қаралған күні: 02.03.2025)
- Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2014. 728 б.
- Ожегов С.И. Словарь русского языка. Москва: Мир и образование. 2006. 976 с.
- Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. 304 б.

Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка. Том 1. Москва: Советская энциклопедия. 1935. 1562 с. URL: <https://ushakovdictionary.ru/> (қаралған күні: 02.03.2025)

References

- Aitbauly, Ó. (2013). *Qazaq til biliminiń terminologiasy máseleleri* [Problems of terminology of Kazakh linguistics]. Almaty: Abzal-A1. (in Kaz.).
- Baitursynov, A. (1992). *Til taǵylymy* [Language learning]. Almaty: Ana tili. (in Kaz.).
- Balaqaeve, M. (2008). *Qazaq til biliminiń máseleleri* [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Arys. (in Kaz.).
- Bokýleva, B.S. (2013). Kirme sózder – mádeni aqqarat saqtaýshy fenomen [Borrowed words are a phenomenon that stores cultural information]. *QazUý habarshysy. Shygystany seriasy*, 3(64), 64–68. (in Kaz.).
- Duisenberg, M. (2020). Linguistic landscape: a cross cultural perspective. *Linguistics and Culture Review*, 4(1), 15–28. Retrieved 12 April 2025 from <https://lingcure.org/index.php/journal/article/view/17>
- Han, J. (2020). Exploring the translation model of poetic metaphor based on conceptual integration theory. *Journal of Literature and Art Studies*, 10(2), 136–145. <https://doi.org/10.17265/2159-5836/2020.02.006>.
- Jubanov, Q. (2013). *Qazaq til biliminiń máseleleri* [Problems of knowledge of the Kazakh language]. Almaty: Abzal-A1. (in Kaz.).
- Isaev, S. (1998). *Qazirgi qazaq tilindegi sózderdiń gramatikalyq sıpaty* [Grammatical characteristics of words in the modern Kazakh language]. Almaty: Raýan. (in Kaz.).
- Kalashnikov, M.V. (2015.). Ideologema. Kontsept? Ponyatiye! (K voprosu o minimal'noy znachimoy yedinitse issledovaniya v ramkakh istoriko-semanticheskogo analiza) [Ideologeme. Concept? Notion! (On the issue of the minimum significant unit of research within the framework of historical-semantic analysis)]. In: «Steny i mosty» – III: istoriya vozniknoveniya i razvitiya idei mezhdistsiplinarnosti: materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii. Tsentr mezhdistsiplinarnykh gumanitarnykh issledovaniy RGGU. Moskva: Akademicheskii proyekt; Gaudeamus, 124–134. (in Russ.).
- Qaidar, Á. (1998). *Qazaq tiliniń ózekti máseleleri* [Actually problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili. (in Kaz.).
- Lakoff, G. & Dzhonson, M. (2004.) *Metaforý, kotorymi my zhivem* [Metaphors We Live By]. Perevod s angliyskogo. Pod red. A.N. Baranova. Moskva: Editorial URSS. (in Russ.).
- Niazǵalieva, A.Á. (2009). Qazaq sólenisterindegi kirme sózderdiń zerttelýi [Study of loanwords in Kazakh speech]. *KR ĞA Habarshysy. Filologia seriasy*, 1, 28–33. (in Kaz.).
- Potebnya, A.A. (1989). *Mysl' i yazyk*. [Thought and language]. In: Slovo i mif. Moskva: “Pravda”, 17–200. (in Russ.).
- Soldatkina, T.A. (2013.) Osnovnyye ponyatiya angliyskogo i frantsuzskogo paremiologicheskogo fonda [Basic concepts of the English and French paremiological fund]. *Sovremennyye problemy nauki i obrazovaniya (setevoye izdaniye)*, 6. Retrieved 12 April 2025 from <https://science-education.ru/ru/issue/view?id=113#:~:text=DOI,10.17513/spno.2013.6> (in Russ.).

- Suleimenov, O.O. (1998). *Yazyk pis'ma* [Writing language]. Almaty-Rim. (in Russ.).
- Temirgazina, Z., Nikolaenko, S., Akosheva, M., Luczyk, M., & Khamitov, G. (2020). Naive anatomy in the Kazakh language world picture in comparison with English and Russian. *XLinguae*, 13(2), 3–16. <https://doi.org/10.18355/XL.2020.13.02.01>
- Tsaturyan, M.M. & Matevosyan, A.P. (2023.). Nauchnyye kontseptsii zaimstvovaniya yazyka [Scientific concepts of language borrowing]. *Sovremennaya nauka: aktual'nyye problemy teorii i praktiki. Seriya gumanitarnyye nauki*, 6, 192–196. (in Russ.).
- Vinogradov, V.V. (1953). Osnovnyye tipy leksicheskikh znacheniy slova [Basic types of lexical meanings of a word]. *Voprosy yazykoznaniya*, 5, 3–29. (in Russ.).
- Zayrova, K.M (2022). Ethnokulturelle Charakterisierung der Kleidungsbezeichnungen in der Karakalpak-Sprache. *Berlin Studies Transnational Journal of Science and Humanities*. *Philological sciences*, 2, 1.6, 125–132.

Sources

- Kazinform.kz. Qazaqtyń ulttyq taǵamdarynyń ataýy qaidan shyqqan? [Where does the name of the Kazakh national cuisine come from]. Retrieved 2 April 2025 from <https://kaz.inform.kz/news/kazaktin-ulttik-tagamdarinin-ataulari-kaydan-shikkan-acf222/> (in Kaz.).
- Kuznetsov, S.A (2000). *Bol'shoi tolkovyi slovar'* [Big explanatory dictionary]. Sankt-Peterburg: Norint. (in Russ.).
- Qaliev, B. (2014). *Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi*. [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. Almaty: State Language Development Institute. (in Kaz.).
- Ozhegov, S.I. (2006). *Slovar' russkogo yazyka* [Dictionary of the Russian language]. Moskva: Peace and education. (in Russ.).
- Salqynbai, A. & Abaqan, E. (1998). *Lingistikalyq túsindirme sózdik* [Linguistic Explanatory Dictionary]. Almaty: Sózдық-Slovar'. (in Kaz.).
- Ushakov, D.N. (1935). *Tolkovyi slovar' russkogo yazyka. Tom 1*. [Explanatory dictionary of the Russian language. Vol. 1]. Moskva: The Soviet Encyclopedia. (in Russ.) Retrieved 7 April 2025 from <https://ushakovdictionary.ru/> (in Russ.).

Ы.Б. Шакаман

*Павлодарский педагогический университет
Павлодар, Казакстан*

А. Кок

*Университет Ақдениз
Анталия, Турция*

СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ФУНКЦИЯ ЭТНО- И ЗАИМСТВОВАННЫХ КОНЦЕПТОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье рассматривается функциональное значение этно и заимствованных концептов в словообразовании казахского языка. Цель статьи – донести мысли о том, что концепты являются основным словообразовательным механизмом производных слов. Рассматриваются принципы словообразования, с помощью которых можно анализировать дериватов, т.е. новых производных слов, а также, что принципы словообразования, являются методологической основой при определении разновидности производных единиц. Указываются

особенности концептов, пути распознавания этно- и заимствованных концептов на языке реципиента. Анализируется непосредственное восприятие этноконцептов, разница между заимствованными концептами и заимствованными словами; причины частичного, полного перевода заимствованных слов; переводимые концепты, переводимые и непереводимые заимствованные слова, концептуальное соответствие. Объясняется восприятие этноконцептов на языке реципиента. Результаты статьи: 1) с помощью концептов появляется возможность распознать этимологию, генетику слов; 2) концептами раскрывается словообразовательная модель; 3) к словообразованию относятся и модификационные суффиксы, которые не меняют концепт слова, а формообразуют и модифицируют значение слов; 4) как этноконцепты, так и заимствованные концепты являются основными словообразовательными механизмами, дается лингвистическая характеристика концептов. В статье использованы обобщающий, сопоставительно-смысловой, описательный, концептуальный и когнитивный методы.

Ключевые слова: реципиент, этно- и заимствованные концепты, словообразовательный механизм, концептуальная идентичность.

Y.B. Shakaman

Pavlodar Pedagogical University

Pavlodar, Kazakhstan

A. Kok

Akdeniz University

Antalya, Türkiye

THE WORD-FORMATION FUNCTION OF ETHNIC AND BORROWED CONCEPTS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article examines the functional role of ethnic and borrowed concepts in the word formation system of the Kazakh language. The aim of the study is to convey the idea that concepts serve as a fundamental derivational mechanism for the creation of derivative words. The article discusses the principles of word formation that can be used to analyze derivatives – i.e., newly formed words – and emphasizes that these principles serve as a methodological basis for identifying different types of derived units. It also outlines the specific features of concepts and the ways in which ethnic and borrowed concepts can be recognized in the recipient language. The article analyzes the direct perception of ethnoconcepts, the distinction between borrowed concepts and borrowed words, and the reasons behind partial or full translation of borrowed terms. It also examines translatable concepts, translatable and non-translatable borrowed words, and the notion of conceptual equivalence. The article explains how ethnoconcepts are perceived in the recipient language. The key findings of the study are as follows: 1) concepts enable the identification of the etymology and origin of words; 2) concepts reveal underlying word-formation models; 3) word formation also includes modification suffixes, which do not change the core concept of a word but serve to shape and adjust its meaning; 4) both ethnoconcepts and borrowed concepts function as primary mechanisms of word formation, each with its own linguistic characteristics. The study employs generalizing, comparative-semantic, descriptive, conceptual, and cognitive methods.

Keywords: recipient, ethnic and borrowed concepts, word-formation mechanism, conceptual identity.

Авторлық үлестер

Шақаман Ү.Б. – тұжырымдама, әдіснама, саралау, талдау, шолу және редакциялау.

Абдолла Көк – әдіснама, дереккөз жинақтау, рөлдер/жазу, бағдарламалық қамтамасыз ету – бастапқы нобай, жазу.